

"2018 жылға субсидияланатын тыңайтқыштар түрлерінің тізбесін және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (килограммына, литріне) арналған субсидиялардың нормаларын бекіту туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2018 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2018 жылғы 13 шілдедегі № 136 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 31 шілдеде № 3919 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "2018 жылға субсидияланатын тыңайтқыштар түрлерінің тізбесін және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (килограммына, литріне) арналған субсидиялардың нормаларын бекіту туралы" Жамбыл облысы әкімдігінің 2018 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3706 болып тіркелген, 2018 жылдың 27 қаңтарында Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне электрондық түрде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасындағы 12 тармағы келесідей редакцияда жазылсын:

"

	НРК 15:15:15 маркалы нитроаммофоска	N 15 P 15 K 15		
	Азотты-фосфорлы-калийлі нитроаммофоска тыңайтқышы (азофоска)	N 16 P 16 K 16		
	НРК-1 азотты-фосфорлы-калийлі тыңайтқышы (диаммофоска)	N 10 P 26 K 26		
	23:13:8 маркалы нитроаммофоска	N 23 P 13 K 8		
	НРК тыңайтқыш: нитроаммофоска	N 16 P 16 K 16		
	Нитроаммофоска	N 16 P 16 K 16		
	НРК 16:16:16 маркалы нитроаммофоска	N 16 P 16 K 16		59000,
12	14:14:23 маркалы нитроаммофоска	N 14 P 14 K 23	тонна	0 0
	10:26:26 маркалы нитроаммофоска	N 10, P 26, K 26	тонна	59000,
	Азотты-фосфорлы-калийлі маркалы тыңайтқыш	N 10 P 26 K 26		00
	НРК тыңайтқыш: Нитрофоска	N 15 P 15 K 15		
	Күрделі азотты-фосфорлы-калийлі минералды тыңайтқышы (НРК тукоқоспалары)	N 16 P 16 K 16		
		N 13 P 19 K 19		
		N 20 P 14 K 20		
	НРК-тыңайтқыш	N 15 P 15 K 15		

".

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны ресми жариялауға жіберуді;

3) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы қаулыдан туындайтын басқа да шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М. Мұсаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. Мырзахметов